

### Құрметті әріптестер!

Салалық кәсіподақ ұйымының қызметкерлері мен ардагерлері! Қазақстанның Кәсіподақтары күнімен ізгі құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Бұл атаулы күн биыл салалық кәсіподақ үшін ерекше мәнге ие. Себебі темір жолдағы кәсіподақ қозғалысының 120 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Өз бастауын сонау өткен ғасыр басында, Орынбор-Ташкент магистралі бойында құрылған алғашқы кәсіподақ ұйымдарынан алатын кәсіподақ қозғалысы міне, бүгінгі таңда жүз мыңнан астам теміржол еңбеккерлерінің басын қосқан үлкен күшке айналды. Жұмыс беруші мен еңбеккерлер арасында дәнекер болып, әлеуметтік әріптестікті дамытуда. Теміржолшылардың өмір сүру деңгейін жақсартуда әділдік, бірлік және ынтымақтастық қағидаттарына құрылған жұмысын ұтымды жүргізіп келе жатқан кәсіподақ жұмысына табыс, береке мен бірлік тілеймін. Еңбектеріңіз әрқашанда лайықты бағаланып, саланың дамуына жұмсаған күш-жігерлеріңіз ақтала берсін!

Талғат АЛДЫБЕРГЕНОВ,  
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ  
Басқарма төрағасы



Қазақ жерінде 120 жыл бұрын пайда болған кәсіподақтар қозғалысының бастауында теміржолшылар тұрғаны тарихтан белгілі. Орынбор – Ташкент темір жолының бойындағы паровоз деполары мен шеберханаларда алғашқы кәсіподақ ұйымдары құрылған.

Тарихи деректер 1905 жылы Бүкілресейлік теміржол одағының І съезінің шешімі бойынша Орынбор – Ташкент темір жолы желісінде кәсіподақ ұйымдары құрылып, нығая бастағанын айғақтайды. Нақтылап айтсақ, Қазақстанда кәсіподақтың алғашқы ұйымы Перовск (қазіргі Қызылорда) паровоз депосының жөндеу шеберханасында ұйымдастырылған. Одан әрі Қазалы, Түркістан, Ақтөбе, Орал және т.б. станцияларды қамтыған.

Орынбор – Ташкент темір жолының өн бойында жұмысшылар толқуы белең алып, жаңадан құрылған кәсіподақ ұйымының басшылығымен теміржолшылар әкімшіліктен еңбек жағдайын жақсартуды, жұмыс уақыттын қысқартуды, жалақыны өсіруді, т.т талап еткен ереуілдер Перовск, Жосалы, Қазалы станцияларында өткен. Кәсіподақ ұйымдары жұмысшылардың құқығы мен талаптарын қорғап, әділдік үшін күресе жүріп, өз қатарын толықтыра берді. Кәсіподаққа мүше болуға өтініш білдірген еріктілер қатары артып, жер-жерде кәсіподақтың бастауыш ұйымдары құрылып, жұмыс істей бастады.

Міне, қазақ даласында жұмысшы табының қалыптасуына ықпал еткен теміржолшылардың мүддесін қорғаған кәсіподақ ұйымының алғашқы қарлығаштары өз жұмысын осылай бастаған еді.

Бүгінгі таңда «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және оның филиалдары мен еншілес кәсіпорындарында еңбек ететін жүз мыңнан астам адам мүше болып табылатын «Қазкөліккәсіп» ҚБ – осыдан 120 жыл бұрын шағын ғана паровоз жөндеу цехында туған кәсіподақтың алғашқы ұйымының заңды жалғасы, тікелей мұрагері болып табылады.

### Құрметті кәсіподақ қызметкерлері мен кәсіподақ мүшелері!

Сіздерді еңбеккерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғаушыларды біріктіретін мерекemen шын жүректен құттықтаймын!

Биыл біз кәсіподақ қозғалысының 120 жылдығын атап өтудеміз және Перовск (Қызылорда) паровоз депосының жұмысшылары осы қозғалыстың алғашқы бастамашылары болғанын мақтанышпен еске аламыз.

Бүгінгі таңда біздің кәсіподақ – саланың 100 мың еңбеккерін біріктіретін қуатты күш.

Сіздерді күш-қуаттарыңыз, іске деген адалдықтыңыз бен әділеттілікке ұмтылыстарыңыз одан әрі шабыттандырысын!

Сізге және Сіздің жақындарыңызға денсаулық, бақуатты және ұзақ өмір тілейміз. Бірлік пен ынтымақ дәстүрі нығая берсін, ал ортақ іс – еңбек адамының игілігі үшін жаңа жеңістер әкеледі!

Оразғали АХМЕТБАЕВ,  
«Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы



У ПРОФСОЮЗОВ ЕСТЬ КЛЮЧЕВЫЕ ПРИОРИТЕТЫ – ДОСТОЙНЫЙ ТРУД, ДОСТОЙНАЯ ОПЛАТА ТРУДА И ДОСТОЙНЫЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ ТРУДЯЩИХСЯ. НАД ЭТИМ МЫ РАБОТАЕМ КАЖДЫЙ ДЕНЬ, И РАБОТА ПРОФСОЮЗОВ С СОЦИАЛЬНЫМИ ПАРТНЕРАМИ ПРИНОСИТ РЕЗУЛЬТАТЫ. КУРС НА ПОВЫШЕНИЕ ПРЕСТИЖА РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ, ОБЪЯВЛЕННЫЙ ПРЕЗИДЕНТОМ РК, – НОВАЯ БОЛЬШАЯ ВОЗМОЖНОСТЬ ВНЕСТИ СВОЮ ЛЕПТУ В УЛУЧШЕНИЕ БЛАГОСОСТОЯНИЯ РАБОЧЕГО ЧЕЛОВЕКА. ЧЕЛОВЕК ТРУДА – ГЛАВНОЕ ДОСТОЯНИЕ И ЦЕННОСТЬ НАШЕЙ СТРАНЫ

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ FESCO КӨЛІК ТОБЫМЕН ДОСТЫҚ ЖӘНЕ АЛТЫНКӨЛ ШЕКАРА ӨТКЕЛІ АРҚЫЛЫ  
**23** мыңнан  
АСТАМ ЖФЭ ТАСЫМАЛДАНҒАН.

ПАРКТІ ЖАҢАРТУ ШЕҢБЕРІНДЕ 2029 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ЕЛ ТЕМІРЖОЛЫНА

**382**  
ЛОКОМОТИВ ЖЕТКІЗУ КӨЗДЕЛІП ОТЫР.

АСТЫҚ ЭКСПОРТЫНЫҢ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨСІМІ БАЙҚАЛУДА. БИЫЛҒЫ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ ӨЗІНДЕ ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН

**1** млн  
ТОННАДАН АСТАМ АСТЫҚ ЭКСПОРТТАЛҒАН.

## Медиа-кездесу ҚЫСҚА ҚАМДАНЫС ҚАЛАЙ?

Кеше, 9 қыркүйек күні «Buzabay Express» электрпойызында «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Рамазан Садырқұловпен медиа-кездесу өтті. Спикер компанияның қыс маусымына дайындығы, жарақаттанудың алдын алу және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі шаралар туралы айтып берді.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Астана

Қатал маусымға қамданысты жазда бастауды әдетке айналдырған компанияда құрылымдық бөлімшелер мен еншілес қоғамдарды қысқы кезеңде жұмысқа даярлауды ұйымдастыру стандарты бекітіліп, оның шеңберінде корпоративтік, желілік және өңірлік деңгейдегі штабтар жұмыс істейді.

«Корпоративтік штаб отырыстары шілдеден қараша айына дейінгі аралықта айына екі рет өтеді. Штабтың негізгі міндеті – шаруашылықтар мен кадрларды даярлау, көмірмен қамтамасыз етілуін, қазандықтардың, ғимараттардың, құрылыстардың, локомотив паркі мен жолаушылар вагондарының дайындығын бақылау», – деп атап өтті бас инженер.

Белгілі болғандай, биылғы қысқа дайындық аясында барлық құрылымдық бөлімшелер мен еншілес кәсіпорындарды қамтитын 107 іс-шара қарастырылған. Осы жылы қыстың көзі қырауда қалтқысыз қызмет етуге 2808 ғимарат пен құрылым, 540



қазандық, 300-ден астам қар тазалау техникасы, 1721 локомотив және 1107 жолаушылар вагоны дайындалмақ. Сонымен қатар биыл Қазақстан темір жолы бойынша 4800 «алғашқыстаушылар» жұмысқа қосылады екен. Нысандардың толық дайындығы 1 қарашаға дейін, ал қысқы техниканы әзірлеу 30 қарашаға дейін жоспарланған.

Спикердің айтуынша, ҚТЖ үш негізгі бағытқа назар аудара отырып, өндірістік жарақаттанудың алдын алу шараларын жүйелі түрде жүзеге асыруда. Атап айтқанда, олар – ұйымдастырушылық-техникалық жоспарларды іске асы-

ру, қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздік жүйесіне цифрлық технологияларды енгізу.

2025 жылы еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және электрлік қауіпсіздік бағыттары бойынша оқутудан 11 000-нан астам қызметкер өтіп, ал корпоративтік курстарға 4000-нан астам адам қатысқан.

Сонымен қатар Қауіпсіз еңбек мәдениетін қалыптастыру бағдарламасы аясында еңбек ұжымдарының өндірістік жарақат алған жұмыскерлерімен кездесулер өткізілген. Жарты жыл ішінде мұндай сабақтардан

еліміздің жеті өңірінен 9000-нан астам адам өткен. Сондай-ақ компанияда NEBOSH, IOSH және Defensive Driving стандарттары бойынша халықаралық оқыту бағдарламалары іске асырылуда.

Қазақстан темір жолында өндірістік процестердің қауіпсіздігін арттыруға және автоматтандыруға бағытталған жобалар іске асырылуда. Соның бірі, пойыздың жақындап қалғаны туралы ескерту жүйесіне пилоттық сынақтар жүргізілуде, бұл жол үстінде жұмыс істеп жатқан теміржолшылардың пойызға басылып қалуын болдырмауға мүмкіндік береді. Локомотивтерге бейнелі түрде бақылау және оқиғаларды автоматты түрде тіркеу үшін бейнетіркегіштер орнатылып жатыр. Ал қызметкерлердің іс-әрекеттерін мониторингілеу және талдау үшін қызметкерлерге арналған бейнежетондар сатып алынуда. Бұдан бөлек, Астана станциясында Asia NETCOM компаниясымен бірлесіп қауіпті жағдайларды талдауға арналған бейнеаналитика жүйесінің пилоттық жобасы іске асырылуда.

Еске сала кетсек, 2019 жылдан бастап Ұлттық компания жарақаттанудың нөлдік деңгейіне қол жеткізуге бағытталған Vision Zero халықаралық тұжырымдамасының қатысушысы болып табылады. Бүгінгі таңда еңбек қауіпсіздігі мәселесі топ-менеджмент пен бөлімше басшылары жұмысындағы басымды бағыт болып отыр.

Суретті түсірген Абзал КАЛИЕВ

## ВАГОНЫ STADLER ПОДТВЕРЖДАЮТ ГОТОВНОСТЬ К ЭКСПЛУАТАЦИИ

Новые пассажирские вагоны Stadler, произведенные в Астане, преодолели более 10 тысяч километров сертификационных пробегов.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,  
Астана

Испытания начались в сентябре и проходят по требованиям технического регламента Таможенного союза ТР ТС 001/2011. Тестовые пробеги ведутся на участках железных дорог по всей стране. Современные составы уже прошли по маршрутам через Караганду, Тараз, Шымкент и Усть-Каменогорск.

В условиях эксплуатации вагоны, выпущенные на заводе ТОО «Штадлер Казахстан», демонстрируют стабильные результаты: подтверждена надежность тормозных систем, устойчивость ходовой части и

корректная работа комплексов безопасности.

Ключевыми преимуществами новых вагонов являются продуманная эргономика и современные инженерные решения, направленные на повышение комфорта и безопасности пассажиров. В каждом купе предусмотрены системы индивидуального климат-контроля, розетки и USB-порты, кнопки вызова проводника, а также тактильные обозначения для людей с особыми потребностями. Срок службы вагонов, адаптированных к эксплуатации даже в сложных



климатических условиях, составляет 40 лет.

Уже до конца этого года завод передат национальному перевозчику первую партию вагонов: купейные, плацкартные, специализированные для маломобильных пассажиров, а также вагоны-генераторы. Помимо этого, Stadler обеспечивает сервисное обслуживание подвижного состава в течение 20 лет.

Новые поезда Stadler выйдут на

маршруты в 2026 году и соединят Астану с Алматы (№ 3/4), Семей (№ 353/354), Шымкентом (№ 85/86) и Атырау (№ 47/48).

В целом до 2030 года будет передано 557 новых вагонов, что позволит на 100% обновить вагонный парк компании.

Обновление вагонного парка и ввод вагонов Stadler – важный этап развития железнодорожной отрасли, способствующий повышению качества услуг и уровня удовлетворенности пассажиров.

### ДЛЯ СТАБИЛЬНОСТИ ПЕРЕВОЗОК



АО «Қазтеміртранс» продолжает плановую работу по поддержанию технической исправности грузового подвижного состава, обеспечивая безопасность и стабильность железнодорожных перевозок.

За 8 месяцев 2025 года компанией отремонтировано 6,5 тысячи грузовых вагонов, что является значительным вкладом в обеспечение надежной эксплуатации подвижного состава. В целом в 2025 году запланировано проведение депоовского и капитального ремонта 10,5 тысячи вагонов.

Содержание вагонного парка в исправном состоянии – один из ключевых факторов обеспечения безопасности движения поездов и бесперебойности перевозочного процесса.

АО «Қазтеміртранс» – крупнейший оператор грузового вагонного парка Казахстана, в распоряжении которого находится более 39,7 тысячи единиц подвижного состава.

Для выполнения выбывающего парка в 2023-2025 годах приобретено 3 000 полувагонов, построенных на мощностях ТОО «Казахстанская вагоностроительная компания».

– Работа по поддержанию технической исправности и обновлению парка остается одним из главных приоритетов производственной деятельности АО «Қазтеміртранс», ведь именно надежность вагонов – залог безопасных и стабильных перевозок, – отметил заместитель генерального директора по производству АО «Қазтеміртранс» Танырберген Кусанов.

Айлин БАУРЖАН

### КОМІР ТАСЫМАЛЫ БАҚЫЛАУДА



ҚТЖ жылу электр орталықтарында және коммунальдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін көмір тасымалдаудың күнделікті мониторингін жүргізіп отыр.

Биылғы мамыр-қыркүйек аралығында темір жолмен 28,4 млн тоннадан астам көмір тасымалданып, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,3 млн тоннаға 5% артық шығып отыр. ЖЭО-ға 26,1 млн тонна, ал коммунальдық-тұрмыстық сектор үшін 2,3 млн тоннадан астам қатты отын жеткізілген.

Энергетикалық кәсіпорындар қоймаларындағы көмір қоры нормативтік көрсеткіштен асып, 5,2 млн тоннаны құраған.

Көмір тасымалдауға «Қазтеміртранс» АҚ-ның 18 мыңнан астам ашық вагоны жұмылдырылған. Ең жоғары кезеңдерде пайдаланылатын вагондар саны 20 мыңға жетеді. ҚТЖ мамандары көмірді жеткізудің біркелкілігі жылыту маусымының тұрақты өтуінің негізгі факторы болып табылатынын атап өтті. Ең жоғары кезеңдерде әлеуметтік жүкті жөнелту көлемінің артуы көлік инфрақұрылымына қосымша жүктеме тудырады. Сондықтан қалыпты тасымалдауды қолдау үшін көмір кәсіпорындары мен өңірлік операторлар тасымалға қатысты алдын ала өтініш беру қажет. Осыған байланысты өңірлердің әкімдіктеріне көмір компанияларымен жұмысты үйлестіруді күшейту және температураны төмендеуін күтпей, тұрғындардың отынды ерте сатып алуын қамтамасыз ету ұсынылып отыр.

Ислам ТАЛҒАТ

## АЙЛЫҚ АЯСЫНДА

Шахида ЖҰМАН,  
Маңғыстау



Өткен айда жарияланған «Шара қолдан – өміріңді сақта» айлығы аясында Маңғыстау теміржолында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды.

Бас қауіпсіздік ревизоры М.Шакеновтің жеделхаты бойынша атқарылған жұмыстардың мақсаты, аты айтып тұрғандай, адам өмірін сақтауға арналды. Аталған айлықты негізге ала отырып Маңғыстау жол дистанциясы арнайы жоспарын жасақтап, Бейнеу, Маңғыстау, Мұнайлы, Қарақия аудандарының әкімдіктері, Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімімен бірлесіп тұрғындар және мектеп оқушыларымен кездесулер ұйымдастырды.

– Өкінішке орай, бүгінде статистика бойынша түрлі себеппен пойыздың астына түсіп ажал құшқандар саны адам шошырлық. Осы жылдың басынан бері 47 адамды пойыз басу оқиғасы тіркеліпті. Оның ішінде 26-сы қаза тауып, 21-і түрлі деңгейде жарақат алған. Айдың күні аمانында осынша жанның қарапайым қағидаларды ескермей немесе басқа да себептермен темір жолға шығып, қаза тапқаны жанымызды ауыртады. Сондықтан халықпен кездесулерде осыны түсіндіріп, жолда жүрудің ережелерін ескертіп, асыл өміріңді аяла, адамдар, өмір бір-ақ рет беріледі дегің келеді, – дейді Маңғыстау жол дистанциясының жетекші жол инженері Ержан Артықбаев.

Жол дистанциясының қызметкерлері жоғарыда аталған әкімдік және желілік полиция қызметкерлерімен бірлесіп бірнеше ауылды аралап, тұрғындармен кездескен. Болашақ ауылдағы №10 орта мектепте, тағы бірқатар мекемелерде бейнероликтер мен суреттерді және көрнекілік құралдарын қолдана отырып, тақырып туралы тереңінен мағлұмат берген. Мұндай жиындар Болашақтан соң Жаңаөзен қаласының Теңге ауылы лицейінде, Қарақия станциясы мектебінде, Маңғыстау станциясындағы орта білім беру мекемелерінде, Боздақтағы бастауыш мектепте өткен.

Дистанция өкілдерінің айтуынша, жалпы бұл бағытта тәлім басшылары ай сайын оқушыларға түрлі профилактикалық кездесулер ұйымдастыру тұратын көрінеді. Сондай-ақ теміржол аумағында «Қызмет жолы», «Сақ болыңыз», «Темір жолдан белгіленген арнайы өткел жолдан өтіңіз», «Пойыздан сақтан!» «Ата-аналар, қауіпті аймақта баланы қараусыз қалдырмаңыз!» деген баннер-тақтайшалар ілулі тұр.

## ТАНЫМДЫҚ ДӘРІС

Ұлан ОРАЗ,  
Алматы



М. Тынышпаев атындағы АІТ University-де ерекше форматтағы дәріс өтті. Оған «Көліктік логистика», «Жол және жол шаруашылығы», «Көпірлер, тоннельдер және метрополитен» мамандығының студенттері қатысты.

Іс-шараға «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Мұрат Төрегелдин мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Жол диагностикасының орталығы» филиалының директоры Аслан Ақашов қонақ ретінде қатысты. Қонақтар студенттерге теміржол саласының қазіргі жағдайы, оның стратегиялық маңызы және жаңа технологиялық үрдістер жайлы кең көлемді ақпарат берді.

Дәріс барысында теміржол инфрақұрылымын цифрландыру, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, инженерлік жаңашылдықтар және саладағы жас мамандардың мүмкіндіктері туралы өзекті мәселелер талқыланды. Студенттер қонақтармен ашық форматта пікір алмасып, кәсіби бағыттары бойынша қызықтырған сұрақтарын қойды. Кездесу жылы атмосферада өтіп, қатысушыларға шабыт пен жаңа білім берді. Бұл «қонақ дәріс» жас мамандардың болашақ кәсібінде деген қызығушылығын арттырып, ҚТЖ компаниясының нақты тәжірибесін жақыннан танып-білуге мүмкіндік берді.

## АЛТЫ СТАНЦИЯДА ЕНГІЗІЛДІ

ҚТЖ инфрақұрылымды жаңғырту және теміржол көлігіндегі қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруда.

Ислам ТАЛҒАТ,  
Астана

Мәселен, алты станцияда көліктік қауіпсіздіктің негізгі элементтерінің бірі – дауыстап хабарлау паркі жүйесі енгізілді. Жобаны ұйымдастырушы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының Автоматика, телемеханика және телекоммуникация департаменті. Бұл жүйе қызметкерлер мен жолаушыларды уақытылы хабардар етіп, кезекшілер, машинистер мен бригада-

лар арасындағы іс-қимылдарды үйлестіреді. Сондай-ақ аппараттық тәуекелдердің алдын алуды және станцияларда сервис деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді. Мамандар бұл жобаны іске асыру әсіресе пойыздар қозғалысы қарқындылығының өсуі мен саланы жаңғырту жағдайында өзекті екенін атап отыр.

Бұдан басқа, департамент мамандары нормативтік қызмет мерзімі өтіп кеткен электр орталықтандыру құрылғыларының



(30) қуаттау панелдерін ауыстыру жөніндегі бағдарламаны іске қосты. Оның шеңберінде быыл ауыстыру жұмыстары 10 станцияда жүргізілді. Жаңар-

туды қажет ететін 55 панельдің орнына бүгінде сенімділік пен энергия тиімділігінің заманауи талаптарына жауап беретін 35 жаңа панель орнатылған. Жаңа панельдер тұрақты электр қуатын қамтамасыз етумен қатар ақаулықтарды тез анықтауға мүмкіндік беретін қорғаныс және диагностикалық жүйемен жабдықталған.

2027 жылдың соңына дейін қалған станцияларда панельдерді орнатуды аяқтау жоспарлануда. Бұл ЭО құрылғыларының электрмен жабдықтау жүйесін толығымен жаңартуға және белгі беру, орталықтандыру және бұғаттау жүйелерінің сенімділігі мен жұмыс істеу қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік бермек.

Суретті түсірген автор

## Еңбек қорғау

## ЖОЛШЫЛАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛУДА

Астана-1 станциясының дөңес паркіндегі Астана жол дистанциясының табельдік ғимаратында, №5 өндірістік учаскеде теміржолшылардың жұмысы мен демалысы үшін қолайлы жағдай жасалды.

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Аталған орындарға жөндеу және абаттандыру бойынша кешенді жұмыстар жүргізілді. Ғимаратта жылыту жүйелері жаңартылып, орталық сумен жабдықтауға қосылды, электр қауіпсіздігі талаптарына сәйкес өрт дабылы және жаңа электр сымдары орнатылды.

Қасбетті өңдеу жұмыстары жүргізіліп, терезелер мен есіктер ауыстырылды. Іргелес аумақ абаттандырылды, өрнекті тас төселіп, қоршаулар орнатылды.

Нысанның іші де қызметкерлердің санитарлық-тұрмыстық қажеттіліктеріне сай жабдықталып, жуынатын душ, киім ауыстыратын, кептіретін орындар, тамақтану бөлмесі бар.

## ҚОРШАУ ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Темір жол – қозғалыс құралы ғана емес, сонымен қатар ол қауіптілігі жоғары аймақ. Сондықтан да жолаушылар мен азаматтық қоғамның қауіпсіздігіне қатысты шаралар жыл сайын күшейтіліп келеді. Биылғы 8 айда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Шымкент магистральдық желі бөлімшесінде осы бағытта ауқымды жұмыстар атқарылды.

Бөлімше мамандары теміржол бойындағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру мақсатында қаңтар-тамыз айы аралығында 8178 адамды қамтыған 225 кездесу ұйымдастырды. Сонымен қатар теміржолда жүру ережелері жазылған жаднамалар мен ұнпарақтар таратылды. Үгіт, насихат сипатындағы түсіндіру жұмыстарынан ақпарат құралдары да тыс қалған жоқ. Сол сияқты станция парктері маңындағы жаяу жүргіншілерге арналған 4 өткелге арнайы дыбыстық хабарлама беретін ИЗАПС-RWD (автоматты дыбыстық сигнал беретін жүйе) құрылғысы орнатылды. Бұл құрылғының ерекшелігі сол – өткелге жақындаған пойыз туралы алдын ала ескертіп, адамдардың жолға шығуына тосқауыл болады.

Магистраль бойында малдың қараусыз жүруі үлкен қауіп тудырады. Биыл жоспар бойынша 15,3 шақырымды қоршау көзделген. Бүгінге дейін Шымкент жол дистанциясы 5 шақырым, Арыс жол дистанциясы 2 шақырым жол бойын қоршады. Қалғаны жыл соңына дейін орнатылатын болады. Осымен біздің өңірдегі темір жолдың жалпы қоршау ұзындығы – 660,5 шақырымды құрап отыр.



Соңғы жылдары қауіпсіздік мақсатында 50,4 км қоршау орнатылды. Соның ішінде: ең ұзын қоршау Шымкент – Қызылсай станциясы аралығындағы 25 шақырым болса, Шымкент – Қорғасын аралығына 10 км, Түркістан мен Арыс станциясы маңында 4 км қоршау орнатылды. Бұдан бөлек, 2027 жылға арналған қауіпсіздік жөніндегі Жол картасы аясында Манкент – Қызылсай және Ігілік – Қорғасын станциялары аралығына 46,4 км аумақта қоршау салу жоспарланған.

Қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету мақсатында Шымкент қаласы маңындағы кей-

бір қауіпті теміржол учаскелерінде пойыз жылдамдығы 40 км/сағатқа дейін шектелді. Осы күндері Шымкент бөлімшесі бойынша 29 теміржол өткелі бар, оның 13-і күзетілетін, ал 16-сы күзетілмейтін өткелдер санатына жатады. Көлік министрінің арнайы тапсырмасына орай жыл соңына дейін 12 өткелге бейнебақылау жүйелері орнатылып, 5 жерге автокөлік көпірін салу жоспарланған. Қазіргі кезде 3 294-шақырымдағы 1-санатты ПК9 бекеті (Шымкент-Қызылсай) мен 3 301-шақырымдағы 2-санатты ПК8 бекетінде құрылыс жұмыстары қызу қолға алынған. Жоспар бойынша оның бірі жыл соңына қарай, ал екіншісі келер жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Сол сияқты облыс аумағының шалғай елді мекендерінде орналасқан 5 өткелге бейнебақылау камералары орнатылған. Ендігі жерде бұл жүйелерді жергілікті полицияның оперативтік басқару орталығына қосу бойынша құжаттандыру жұмыстары жүріп жатыр.

Нұрбол БИЖАНОВ,  
Шымкент ЖТ бөлімшесі директорының бірінші орынбасары

## КҮРМЕУІ КӨП КІРМЕ ЖОЛДАР

Жуырда Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде қозғалыс қауіпсіздігі сақтала бермейтін кірме жолдар мәселесін қаузаған жиын өтті. Бөлімше бастығының логистика жөніндегі орынбасары Бекәділ Сауровтың төрағалығымен өткен басқосуға кірме жолдар қожайындары, станция басшылары, көліктік бақылау инспекциясы, көліктік прокуратура өкілдері, теміржол мекемелерінің жауапты мамандары қатысты.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,  
Атырау

Б.Сауровтың айтуынша қазіргі уақытта кірме жолдарда қозғалыс қауіпсіздігін сақтамау деректерді жиілеп кеткен, соның кесірінен вагондардың жолдан шығып кетуі жиі орын алады. 2025 жылдың 8 айында кірме жолдарда вагонның жолдан шығып кетуінің 107 оқиғасы тіркеліп, 216 вагон бүлінген. Оның ішінде 31 жабық вагон, 95 жартылай вагон, 24 платформа, 23 вагон-цистерна. Ол вагондардың бүлінуінің себебі – кірме жолдардың жоғарғы қабатының талапқа сай болмауынан 145 вагон, маневрлік жұмысты бұзудан 55 вагон, жүкті тиеу-түсіру ережесін бұзғаннан 10 вагон және 6 вагон басқа да жағдайларға байланысты бүлінген.

Бүгінде облыс бойынша 200-дей кірме жол тіркелген болса, соның 169-ы тұрақты жұмыс істеп тұр. Олардың көпшілігі жеке кәсіпкерлер иелігінде. Оның ішінде 137 негізгі меншік нысандары «ҚТЖ-ЖТ»-«Батыс» ЖШС-мен келісімшарт жасасқан. Соған сәйкес кірме жолдарды күтіп ұстау



оның қожайындарының міндеті саналса да, оған бас қатырып, балтыры сыздап отырған ешкім жоқ. Кірме жолдарда вагондардың жолдан шығуы, автокөлікпен соқтығысу, маневрлік жұмыстың дұрыс жүргізілмеуі, башмақты алуға ұмытып кету, жолдың кеңіп кетуі, т.б. себептер қозғалыс қауіпсіздігіне айтарлықтай нұқсан келтіріп отыр.

Қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына кірме жолдардың сын көтермейтіндігі, шпалдардың тозғандығы, шойын жолдың тозуы, ағаш шпалдардың шіруі себеп болған, кейбірінде Р-43 рельсі (бұл талапқа мүлдем сәйкес келмейді) тұрғаны

ешкімді мазаламайды. Жеке құрылымдар теміржолды жөндеу кезінде арнайы мамандарды шақырмайды. Жолдарды тұрақты қадағаламайды. Вагондар кірме жолдардан шығып, станцияға келгенде ақаулы екені анықталады: дөңкерлеген жері шығып кеткен, есіктері бүлінген, вагон доңғалағының буксы теріс айналып кеткен, вагон шанақтары соғылған, т.б. ақаулар жиі кездеседі. Осыдан-ақ белгілі болғаны, жүк жөнелтушілер кірме жолдардың сапасына, вагонның ақаулығына салдыр-салақ қарайды. Соның салдарынан жолдан шығып кету орын алады.

– Теміржолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз

ету мақсатында қабылданған тиісті заңдықтар бар. Оны сақтау, теміржолдарды жөндеу, күтіп ұстау маңызды. Дегенмен, көптеген кәсіпкерлер қаржының тапшылығын сылтау етіп, мәселеге жеткілікті көңіл бөлмейді. Теміржол тәулік бойына жұмыс атқаратын болғандықтан станцияға келген вагондар күні-түні кірме жолға беріледі, түнгі мезгілде жарықтандыру арқылы жүк түсіруді ұйымдастыру үшін кірме жолдардағы жарық мәселесі шешімін табуы тиіс. Сондай-ақ қауіпсіздікті сақтау үшін қыс айларында жолдарды қардан, қоқыстан тазалап, вагондарды беріп-алуға қиындық тудырмау қажет. Сіздерге айтар тағы бір мәселе, келісім-шартты уақытында ұзартылуын қадағалаңыздар. Жүк тасымалы қағидасының 256-пунктіне сәйкес, жаңа келісім-шарт жасақтау жазбаша өтініш түскен күннен 3 ай мерзім ішінде қарастырылады. Сондықтан барлық кірме жол иелері нұсқаулықтар, келісім-шарттардың қолданылу мерзіміне назар аударыңыздар, – дейді Б.Сауров.

Күзетілмейтін, реттелмейтін өткелдерде де жол-көлік оқиғасы жиі тіркеледі. Тепловоздың автокөлікпен соғысуы қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп отыр. Оның бәрі көлік иелерінің «Жол қозғалысы ережесін» сақтамағаннан болған. Соған сәйкес бөлімше бойынша теміржол өткелдерін күтіп-ұстаудың алдын алу шараларын және жол белгілерін орнату қажет етіледі. Өткелдердің сапасы да сын көтермейді, асфальт шұңқыр, жырық-тесік, сондықтан машиналар не айналып өткісі келеді, не шұңқырға түседі. Соған орай өткелдердің сапасын қарау тармақ жол иелеріне жүктелетіні

де айтылды. Ондай жағдайда вагон құрас-тырушылардың рапорты негізінде тармақ иесіне кемшілікті заң шеңберінде түзеуге нұсқама берілетін болады. Вагон сапасы бойынша да дау туындап жатады. Вагондар станцияға ақаумен келеді, сол себепті екі ортада келіспеушілік болады. Сондықтан вагонды қожайындары станцияда вагон қараушымен бірге қабылдап алуы керек, сонда дау туындамайды. Вагондардың кірме жолдарда ұзақ тұрып қалмауы үшін кәсіпкерлер тиеу-түсіру жұмыстарын да алдын ала жоспарлап алғаны жөн.

Қазір темір жолда цифрландыру жақсы дамуда. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермей, қандай да бір лауазымды тұлғаға тәуелділік болмау үшін барлық құжаттамалар, келісім-шарт, алыс-беріс, жүк қабылдау-тапсыру құжаттары цифрлы түрде жүзеге асырылуы тиіс. Бүгінде бөлімшеде тасымал құжаттарын рәсімдеудің ашық түрде болуын қамтамасыз ету үшін жүк жөнелтушілер мен қабылдаушылардың құжаттамасы АСУ ДҚР жүйесі бойынша жүзеге асырылады. Өңірде 17 станция осы жүйеге қосылған. Оның үстіне осы бағытта бірте-бірте электронды жұмыс түріне көшуге басымдық беріліп келеді.

Жиын соңында барлық кірме жол иелеріне қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, кірме жолдарда маневрлік жұмыстардың техно-логиясын сақтауға, вагондарды өз бетімен жүргізбеуді, жүк тиеу-түсіру жұмыстарын да нұсқамадағы талаптарға сай орындау ұсынылды. Сондай-ақ қысқа дайындықты осы кезден бастауды, жолдарды тазалап, қар тазалау техникаларын майлап-сайлап қою да тапсырылды.

Суретті түсірген автор

# Пресс-тур

## ПУТЕШЕСТВИЕ ПО МАРШРУТУ НҰРЛЫ ЖОЛ – ДОСТЫК

Наше путешествие по вторым путям участка Мойынты – Достык началось поздним вечером 7 октября. В 23:45 поезд с группой из 30 журналистов отправился от вокзального комплекса «Нұрлы жол» в Астане.

Утром, 8 октября, первая остановка – станции Балхаш-1 и Балхаш-2. Здесь участников пресс-тура встретил исполнительный директор по эксплуатации филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Арман Бубианов.

– Балхаш – важная часть маршрута. Станция Балхаш-1 ориентирована на грузовые перевозки, а Балхаш-2 – на пассажирские. Летом сюда прибывает множество туристов, отдыхающих на озере Балхаш, поэтому важно обеспечить комфорт и безопасность. Эти станции – часть стратегического коридора, по которому идут поезда из Китая в Европу, – отметил он.

После Балхаша маршрут пролегал через Саяк и Актогай, где журналисты осмотрели мост через реку Тентек и новые инженерные сооружения.

На станции Актогай о строительных этапах рассказал исполнительный директор филиала ТОО «Integra Construction KZ» – «Дирекция по строительству вторых путей Достык – Мойынты» Нурлыбек Бекжанов.

– Работы начались в ноябре



2022 года. Несмотря на нормативный срок в пять лет, проект реализован за три года. Это стало возможным благодаря



круглосуточной работе более 3 000 специалистов и 600 единиц спецтехники.

На отдельных участках проводились буровзрывные работы объемом свыше 100 тысяч кубометров – причем без останов-

ки движения поездов. Уложено 1,5 миллиона шпал, использовано 100 тысяч тонн рельсов и два миллиона кубометров щебня. Всего смонтировано 445 стрелочных переводов и внедрена микропроцессорная централизация казахстанского производства, обеспечивающая безопасность и управление движением поездов, – рассказал он.

По словам Нурлыбека Бекжанова, новая система сигнализации позволяет увеличить пропускную способность участка в 5 раз – с 12 до 60 поездов в сутки.



Вечером поезд прибыл на станцию Достык, финальную точку пресс-тура. Здесь участников встретил заместитель директора филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция по реализации крупных проектов» Александр Ким.

– Проект «Достык – Мойынты» стал первым масштабным строительством такого уровня за последние десятилетия. К 6 октября мы уже пропустили 206 грузовых поездов, из них 101 – по новым путям. С момента начала эксплуатации перевезено 12,6 миллиона тонн грузов, что на 42% больше, чем до запуска вторых путей. Этот коридор укрепляет транзитный потенциал Казахстана и делает страну важным звеном маршрута Восток – Запад, – подчеркнул он.

